



Мінез



- Мінез - "charakter" деген грек сөзінен шыққан.
- Мәнісі - із қалдыру
- Психологияда мінез түсінігі адам іс-әрекеті және мінез-құлқы формасында көрінетін жеке-дара психикалық қасиеттердің жиынтығы.



- Адам мінезінің көріністері әрбір жеке жағдайда оның оқиғаларға қатысуынан аңғарылады. Адамның іс-әрекеті сол іске деген қатынасымен қатар, **ерік-жігеріне, көңіл-күйіне, зеректігіне, ақыл ойына** да байланысты болады. Соның нәтижесінде адамның әр алуан психикалық процесстері, оның іс-әрекет түрлеріне ықпал етіп, адамның **ақыл ойын, көңіл-күйін, эмоциясын, ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктерін** айқын аңғартады.

Мінез қырлары

- Ерікті
- Эмоциалық
- Интеллектуалды



Мінездің ерікті қырларына жататындар:



- табандылық, батылдылық,
- қайсарлылық, өжеттік,
- сабырлылық, байсалдылық,
- дербестілік, белсенділік,
- ұйымшылдық.

Эмоциялық қырларына



- екпінділік, әсерленгіштік,
қызбалық, инерттілік,
байыпсыздық, қайырымдылық

интеллектуалды қырларға



- терең ойшылдық, тапқырлық,
- зеректік, құмарлық,
- әуестік



- француз ғалымы **А. Бен** мінезді тек психологиялық ерекшелік, дара адамның ақыл ойы мен сезімінің және ерік ерекшелігінің қасиеті деп санады.
- **Т.Рибо** мінезді сезім мен ерік ерекшелігі десе,
- ал орыс дәрігері және педагогы **П.Ф. Лесгафт** ерік қасиеті деді.
- **И.Кант** мінезді темпераментпен салыстыра отырып,оны адамның жүре пайда болатын қасиеті деп анықтады. Сондай-ақ ол адамның даралық қасиеттеріндегі туа пайда болатын ерекшеліктері мен жүре пайда болатын ерекшеліктерді бөліп көрсетті.
- Ал **Малапер Фуле** т.б. мінездің туа пайда болуымен қатар, жүре пайда болатын ерекшеліктері бар деді.



Мінез типологиясы

- Адам мінезі онтогенезді пайда болып, бүкіл өмір бойына тұрақты.
- Мінезге кіретін жеке адам бітістері кездейсоқ емес, олар мінезді анықтауға көмектеседі және типтерге бөледі.
- Сол мінез типтері бойынша адам мінезі бірнеше топқа бөлінеді.

Э. Кречмер бойынша мінез типтері



- **астеникалық тип** - арық, жіңішке адам, соның арқасында ұзын болып көрінеді. Астениктердің дене және бет терісі жұқа. Иықтары кішкентай. Саусақтары ұзын жіңішке, бұлшық еттері нашар жетілген, ал әйел адамдар кішкентай болады.

Э. Кречмер бойынша мінез типтері



- **Атлетикалық тип** - орташа және ұзын бойлы, иықтары кең, көкірегі үлкен, басы ұзынша, әрі тығыз, қаңқа сүйектері мен бұлшық еттері жақсы жетілген.

Э. Кречмер бойынша мінез типтері



- **Пикниктик тип**- орта бойлы, мойны қысқа, семіруге бейім, себебі бұлшық еттері мен қозғалыс аппараттары нашар дамыған



- Э.Кречмердің айтуы бойынша осы типтер психологиялық ауруларға шалдығуы мүмкін. **Астениктер мен атлетиктер** шизофрения ауруына шалдығып жатады, оларды шизотимиктер деп атайды. Оларға ақ сүйектік, сезімталдылық, менменшілдік, суықтық, қатігездік, билікке құмарлық және эмоциялардың болуы тән. Ал, **пикниктер** маникалды –депрессивті психозға бейім, оларды циклотимиктер деп атайды. Оларға ақ көңілділік, ашық мінезділік, көпшілдік, көп сөйлегіштік, қалжыңға бейімдік, жеңілтектік тән.

Мінез акцентуациясы А.Е.Личко бойынша: жас өспірімдерді бақылауға негізделген, нақты бір мінез күшейуін қарастырды, ол сыртқы жағдайларына байланысты.

- Гипертимді тип
- Циклоидты тип
- Лабильді тип
- Астено-невротикалық тип
- Сензитивті тип
- Психо-астеникалық тип
- Шизоидты тип
- Эпилептоидты тип
- Истероидты тип
- Тұрақсыз тип
- Конформды тип



К.Леонгард өз классификациясында адамдардың басқа адамдармен қарым- қатынасына сүйенеді



- Гипертимді тип
- Дистимді тип
- Циклоидты тип
- Қозғыш тип
- Тежелгіш тип
- Педантты тип
- Уайымшыл тип
- Эмотивті тип
- Демонстративті тип
- Экзалтацияланған тип
- Экстравертивті тип
- Интравертивті тип

И.И.Гавлов қандай сигнал жүйесінің
басым екендігіне қарай адам
мінезінің типтерін мынадай үш типке
бөледі



- 1.Ойшыл тип-бұл негізінен сөзбен байланысты,екінші сигнал жүйесі рефлекторлық қызметінің басымдылығы.
- 2.Көркем тип-бірінші сигналдық шартты рефлексстің басымдылығы.
- 3.Орташа тип-мұнда екі сигнал жүйесінің бірде-бірі басымдылық көрсете алмайды.

Мінез қасиеттері



- **1. Мінездің еңбекке байланысты қасиеттері:** еңбексүйгіштік, адалдық, еңбекке жауапкершілікпен қарау, жалқаулық, немқұрайдылық.
- **2. Ұжымға, адамға қатысты қасиеттер:** қайырымдылық, сергектік, талапқойғыштық, асқақтық, менсінбеушілік.
- **3. Өзіне-өзінің қатынасы:** өркөкректік, тәкаппарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік.
- **4. Заттарға қатынасы:** ұқыптылық, салдыр-салақтылық, заттарды ұстап тұтынуы, ұқыпсыздығы

Мінез құрылымының ерекшеліктері



- **1. Мінездің тереңдігі.** Бұл қасиет адамның қоғам тарапына орай көпшілікке, ұжымға, еңбекке деген қатынасын білдіреді.
- **2. Адамның жеке басының ерекшелігі, белсенділігі.** Бұл қасиет мінездің күші. Осыған орай, адам мықты, жақсы, тұрақты және нашар мінезді болып келеді.
- **3. Мінездің тұрақтылығының, бейімделгіштігінің ерекше мәні бар.** Мұндай адамдар әрқилы қиыншылықтарға ұшырағанда табандылық, төзімділік пен бейімделгіштілік көрсетіп, мінездің күшін аңғартады.



Мінез адам тұлғасының қасиеті ретінде

Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отыратын қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.

Мінездің еріктік сапаларының өзі **күшті және әлсіз**, яғни нашар мінез болып екіге бөлінеді.

Күшті мінезге – мақсатқа талпынғыштық, дербестілік, тоқтамға келгіштік, батылдық, шыдамдылық, тәртіптілік, жинақтылық, ерлік т.б.

«Әлсіз мінезге – негативизм (теріс), иланғыштық, қыңырлық, ұстамсыздық, жүрексіздік, т.б. кіреді

Типтік мінез бітістеріне мыналар жатады



1) Отан сүйгіштік

2) Мақсаткерлік

3) Борыш пен жауапкершілік

4) Мейірімділік пен ізгілік

5) Адалдық пен шыншылдық

6) Достық



1) Отан сүйгіштік – адам бойындағы күш–қуатын, білім мен тәжірибесін халық мүддесіне лның игілігіне, яғни туған жеріне білдіретін перзенттік борышы оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Отан сүйгіш қасиетті қастерлеп әр заман аұламалары өз ой-түйіндерін осыған бағыштаған.



2) Мақсаткерлік (мақсатқа талпынушылық) – бұл бір істі нәтижелі етіп тындыру. Бұл адамның **мінез-құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, өзінің ұстаған бағыт-бағдар позициясына, танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алуы. Үміті мен арманы шындыққа сәйкес келген адам ғана келешектің құшағында өмір сүре алады**



3) Борыш пен жауапкершілік – бұл адамның үй іші, әке – шеше, тума – туысқандарына қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет. Бұл кісіліктің басты белгісі, терең және күшті сана – сезімді қажет ететін қасиет.

Борыш пен жауапкершілікті түсіне білуден адамның имандылығы мен адамгершілігінің дәредесі байқалады.

Борышты сезіну оны орындау, – ми және жүректің бірлескен жұмысын қажет етеді. Оны ақыл мен сезім тұрғысынан жақсы жаман деп бағалау ар мен ұятқа келіп тіреледі. Ер жетіп, есейген адамның борыш сезімінің оның тілек қалауымен үйлесе бермейтіні, оның психологиялық көңіл – күйіне ауыр жүк , зіл түсіретіні сөзсіз.



4) Мейірімділік пен ізгілік – осы қасиет бір – біріне үйлескен екі қозыдай. Бұл қасиет басқаларға (әке – шеше, ағайын, туыс, таныс т. б.) көңіл бөлу, олардың сеніміне ие болу, айналасындағылармен өзара дұрыс қарым – қатынас жасау, адамға ЭМОЦИЯЛЫҚ жағынан тиімді.

5) Адалдық пен шыншылдық – бұл екеуі бір–бірімен біте қайнасқан кісінің жақсы мінез бітістері.



6) Достық – бұл ортақ көзқарас пен мүдде, мақсат бірлігі негізінде пайда болып, уақыт сынынан өткен адамгершілік құндылығы мол тұрақты, тек адамға тән жоғары сезім. Оның маңызды белгісі - өте берік, әрі терең эмоциялық жақындық. Ол адамның бір-біріне сөз жүзінде де, іс жүзінде де адал және шынайы болу, өзара терең мүдделілік, бір-біріне толық сену, қайғы мен қиыншылықта өзара қол ұшын беру, өзара жауапкершілік пен қамқорлық. Достардың мінез, темперамент секілді ерекшеліктері түрліше болып келуі де мүмкін.



**Назарларыңызға
а рахмет!!!**